



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«АЛМАТЫ МЕНЕДЖМЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ» ББМ

XVIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

06 МАЯ 2026 г.

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

«Алматы Менеджмент Университеті» ББМ «Менеджмент» білім беру бағдарламалары бойынша **XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың** өткізілетінін хабарлайды.

2026 жылғы Олимпиаданың тақырыбы: «Тұрақты басқару және ЖИ-трансформация: болашақ экономикасындағы көшбасшылық стратегиялары».

Олимпиада ҚР ҒЖБМ ұсынымдарына сәйкес екі кезеңде өткізіледі:

- I кезең (ЖОО ішіндегі): базалық ЖОО-ларда 25.04.2026 дейін өткізіледі.
- II кезең (республикалық): AlmaU-да (Алматы қ.) 06.05.2026 күндізгі форматта өткізіледі.

Олимпиадаға Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының «Менеджмент» білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі бөлімнің 1-4 курс студенттерінен тұратын командалар қатыса алады. Командадағы қатысушылар саны 3 адам және университеттің профессор-оқытушылар құрамынан 1 жетекші. Бір оқу орнынан 2 командадан артық ұсынылмайды. Олимпиадаға қатысу ерікті және тегін.

Студент-қатысушылардың мәлімделген мамандыққа сәйкестігі міндетті шарт болып табылады. Сәйкессіздік анықталған жағдайда, конкурс комиссиясы мұндай өтінімдерді қабылдамайды.

Конкурстық өтінім 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Олимпиада келесі 3 турдан тұрады:

Бірінші тур аясында қатысушы командалар алдын ала команданы таныстыратын бейнематериалды электрондық пошта арқылы жібереді. Бейнежазбада команданың атауы, құрамындағы қатысушылар, олардың менеджмент саласындағы кәсіби қызығушылықтары және команданың креативті позициялануы көрсетілуі тиіс.

Бұл тур команданы бірінші рет таныстыруға, сондай-ақ қатысушылардың коммуникативтік және презентациялық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бейне презентацияға қойылатын техникалық талаптар:

- Ұзақтығы: 3 минутқа дейін
- Бейне форматы: 16: 9 (көлденең)
- Ажыратымдылық: 1920×1080 төмен емес (толық HD)
- Файл пішімдері: .mp4 немесе .mov
- Презентация тілі: қазақ, орыс, ағылшын
- Бейне авторлық болуы керек.

Командалар түсірілім, анимация, инфографика, сұхбаттарды қолдана алады.

Қолдану стилі: деректі, жарнама, storytelling.

Екінші тур – Тестілеу (AlmaU-да офлайн)

Қатысушылар теориялық білімдерін тексеруге бағытталған тест тапсырмаларын орындайды. Тестілеу жеке форматта өткізіледі және 30 минут уақыт шектеуімен 20 тест сұрағынан тұрады. Команда мүшелерінің жинаған балдары қосылып, жалпы командалық нәтиже ретінде есепке алынады.

Үшінші тур – Кейстік тапсырманы шешу (AlmaU-да офлайн)

Командаларға менеджмент саласындағы нақты жағдайларды көрсететін практикалық кейс ұсынылады. Қатысушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселені анықтап, заманауи әдістер мен құралдарды ескере отырып шешімін негіздеуі керек. Кейстік тапсырманы орындауға 50 минут уақыт бөлінеді. Нәтижелерді команданың капитаны ұсынады және оны конкурстық комиссия алдында 10 минут бойы қорғайды.

Бірінші, екінші және үшінші орын алған жеңімпаздар Дипломдармен марапатталады. Дипломдар Олимпиада аяқталған соң табысталады. Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға қатысқан барлық қатысушылар қатысу сертификатымен қамтамасыз етіледі.

Олимпиадаға өтінім (өтінім 1-қосымшада көрсетілген үлгіге сәйкес рәсімделеді) әр қатысушының оқу орнынан анықтама және бейне презентация электрондық нұсқада төмендегі электрондық поштаға жолдануы керек: **olimpiad_management@almu.edu.kz**, 25 сәуір 2026 жылға дейін.

Хат тақырыбында көрсету қажет:

ОП «Менеджмент»: «Олимпиада Менеджмент. Университет атауы».

Екінші кезеңге өткен жағдайда қатысушылар жеке куәліктерімен келуі тиіс.

Мерзімдер және тіркелу.

Олимпиадаға қатысу бойынша негізгі мерзімдер

№	Мерзімдері	Іс-шаралар	Жауапты тұлға
1	25.04.2026 ж. сағат 24:00 дейін	Университет атынан қатысу үшін өтініш пен видео-презентацияны жолдау	Жіберуші университеттер
2	06.05.2026	Республика Олимпиадасының екінші туры	Ұйымдастыру комитеті

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы қосымша ақпаратты мына телефон арқылы білуге болады:

ОП «Менеджмент»: Тажиева Самал Қожахметовна +7 707 462 13 09

Тек жұмыс уақытында жазу/қоңырау шалу.

Олимпиада өтетін мекен-жайы: 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 227.



**«Менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер арасындағы
XVIII республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға өтінім**

Ұйымның атауы				
Ұйымның мекен-жайы:				
Команда мүшелерінің толық аты-жөні	Шифр, БББ	Курс	Оқыту/қатысу тілі	Байланыс деректері (телефон, электрондық пошта)
Жетекші туралы ақпарат				
Толық аты-жөні				
Лауазымы				
Байланыс деректері (телефон, электрондық пошта)				

Ректордың (проректорының) қолы және олимпиаданың I кезеңінің қорытындылары туралы комиссия хаттамасы.
(міндетті!)

Ғылыми жетекші мен команда мүшелерінің толық аты-жөнін мұқият тексеруді сұраймыз! Егер қатысушы команда осы Олимпиада жеңімпазы болса, дәл осы мәліметтер дипломдар мен алғыс хаттарда көрсетілетін болады!

Тек жұмыс істейтін телефон нөмірлерін және өзекті электрондық пошта мекенжайын көрсету қажет, өйткені осы арқылы ғылыми жетекші мен команда мүшелерімен байланыс орнатылады!